

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Ғылым департаменті	Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы ереже		Редакция: 1 Страница 1 из 11

Бекітілген
 Басқарма шешімімен
2024 жылғы 11.07.
 № 21 хаттамасымен

Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы ереже

Қолдану мерзімі « <u>11</u> » <u>07.</u> 20 <u>24</u> ж. бастап « <u>11</u> » <u>07.</u> 20 <u>29</u> ж. дейін	Ұзарту мерзімі «__» _____ 20__ ж. дейін	Мәртебесі: Әрекеттегі ☒ <u>N</u> Ескірген ☐
Алдыңғы ескірген құжат: Ректордың 20 <u>23</u> жылғы « <u>23</u> » <u>08.</u> № <u>3</u> бұйрығы	Құжатты басқаратын тұлғаның қолы	Код № <u>ФМ/19.16-2024</u> Экземпляр № Көшірме №

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы ереже	Редакция: 2
			Страница 2 из 12

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Атауы	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы
ӘЗІРЛЕУ	Ғылым департаментінің басшысы	Шамсутдинова А.Г.	02.07.2026, 12:31:28
КЕЛІСУ	Проректор	Фахрадиев И.Р.	03.07.2026, 13:03:44
	Атқарушы директор	Лахов С.В.	02.07.2026, 13:59:12
	Қаржы директоры	Искаков С.С.	02.07.2026, 12:39:25
	Экономика және жоспарлау департаментінің басшысы	Нұрахметұлы И.	03.07.2026, 10:08:19
	Бухгалтерлік есеп және есеп беру департаментінің басшысы— Бас бухгалтер	Сатаев А.О.	03.07.2026, 11:36:40
	Заң департаменті басшысы	Ахмет А.Н.	03.07.2026, 10:10:36
	Адам ресурстарын дамыту департаментінің басшысы	Нагасбекова Б.С.	02.07.2026, 13:18:50
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы COMPLAINT-қызметінің басшысы	Ислямов А.А.	03.07.2026, 10:36:13
	Сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы	Жангирбаев М.Т.	03.07.2026, 12:41:47

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы ереже	Редакция: 2
			Страница 3 из 12

Мазмұны	беті
1. Жалпы ережелер	4
2. Нормативтік сілтемелер	4
3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	5
4. Жарияланым белсенділігін ынталандыру тәртібі мен шарттары	6
5. Ғылыми жарияланымдарды іріктеу тәртібі	7
6. Ынталандыру төлемдерін есептеу және беру тәртібі	8
7. Қорытынды ережелер	9
Қосымша 1. Scopus дерекқорында индекстелетін халықаралық рейтингтік басылымдардағы ғылыми жарияланымдардың деректері тізімі	10
8. Танысу парағы	11
9. Өзгерістерді тіркеу парағы	12

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы ереже	Редакция: 2 Страница 4 из 12

1. Жалпы ережелер

1. Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Университет) Жарғысына сәйкес, университеттің профессор-оқытушылар құрамы (бұдан әрі – ПОҚ) мен қызметкерлерінің жарияланым белсенділігін ынталандыру мақсатында әзірленген;

2. Осы Ереженің практикалық іске асырылуы ПОҚ пен Университет қызметкерлеріне әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануға, сондай-ақ жоғары беделге ие жоғары рейтингтік халықаралық ғылыми басылымдарда жариялану үшін қолайлы жағдай жасауға және Университеттің рейтингтік көрсеткіштерін арттыруға мүмкіндік береді;

3. Осы Ережеде Scopus дерекқорында (Скопус) индекстелетін халықаралық рейтингтік басылымдарда жарияланым белсенділігі нәтижелері бойынша ынталандырушы төлемдер қарастырылған, олар Ережеде белгіленген тәртіп, шарттар мен талаптарға сәйкес жүргізіледі;

4. Ғылыми жарияланымдар авторлары/авторлық ұжымдарына ынталандыру төлемдерін беру тәртібін жүргізу кезінде ISO 37001 халықаралық стандарттары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар сақталады;

5. Осы Ереже, сондай-ақ Ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Университет Басқармасының шешімімен бекітіледі;

6. Осы Ереженің практикалық іске асырылуына жауапты тұлға – Университеттің ғылыми қызметін қадағалайтын проректормен үйлестірілетін Ғылым департаменті.

2. Нормативтік сілтемелер

7. Осы Ереже мынадай нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттардың негізінде әзірленді:

- 1) 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2) 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі;
- 3) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-XIII Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім);
- 4) 1999 жылғы 1 шілдедегі №409-I Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім);
- 5) 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы;
- 6) 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- 7) 1996 жылғы 10 маусымдағы №6-I Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы;

8) 1999 жылғы 16 шілдедегі №427-І Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Патент заңы»;

9) 2015 жылғы 31 қазандағы №381-V Қазақстан Республикасының «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заңы;

10) ISO 9001:2015 халықаралық стандарты, сапа менеджменті жүйесінің бекітілген құжаттары (Университеттің сапа саласындағы саясаты мен мақсаттары, сапа жөніндегі нұсқаулық, құжатталған сапа рәсімдері және т.б.);

11) ISO 37001:2016 халықаралық стандарты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты және Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де ішкі нормативтік құжаттарының талаптары.

3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

8. Осы Ережеде келесі терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылған:

1) **Квартиль** - дәйексөзділік деңгейін, яғни ғылыми қоғамдастықтың журналға деген сұранысын көрсететін библиометриялық көрсеткіштермен айқындалатын ғылыми журналдар санаты. Рейтинг нәтижесінде әр журнал төрт квартилдің біріне түседі: Q1-ден (ең жоғары) Q4-ке дейін (ең төменгі), ең беделді журналдар, әдетте, алғашқы екі квартильге жатады – Q1 және Q2;

2) **Процентиль (CiteScore бойынша)** – журналдың ұқсас ғылыми саладағы журналдар рейтингіндегі орнын көрсететін көрсеткіш, бұл әртүрлі ғылыми салалардағы журналдарды дұрыс салыстыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. AJSC (All Science Journal Classification) жіктемесі бойынша Scopus журналдарының әрбір пәндік санаттары үшін оған жататын журналдар cite Score көрсеткішінің кемуді бойынша реттеледі. № 1 кестеге сәйкес әр санат (квартиль) белгілі бір пайыздық диапазонды қамтиды;

№1 кесте

Q ₁ (I квартиль)	75-99 процентильдер
Q ₂ (II квартиль)	50-74 процентильдер
Q ₃ (III квартиль)	25-49 процентильдер
Q ₄ (IV квартиль)	0-24 процентильдер

3) **Ғылыми жарияланым** - ғылыми қызметтің нәтижесі болып табылатын ғылыми басылымда жарияланған зерттеу мақаласы немесе шолу;

4) **Жарияланым** – DOI нөмірі, редакторы және белгіленген таралымы бар, баспаларда баспа түрінде немесе электрондық жеткізгіштерде жарияланған мәтіндерді қамтитын жарияланған шығарма.

5) **ПОҚ және қызметкерлер** – штаттық қызметкерлер болып табылатын және университеттегі негізгі жұмыс орны бойынша кемінде 0,5 ставка шарттарында еңбек

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы ереже	Редакция: 2 Страница 6 из 12

функциясын орындайтын университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлері;

6) **Жыртқыш журнал** – авторларды тарту үшін агрессивті және этикаға қайшы әдістерді қолданатын, рецензиялауды мүлде жүргізбейтін немесе формалды түрде ғана жүзеге асыратын, жеткілікті негіздемесіз жарияланым үшін жоғары ақы алатын, сондай-ақ өзінің ғылыми көрсеткіштері мен беделді дерекқорларда индекстелуі туралы жаңылыстыратын ақпарат беретін басылым. Мұндай тәжірибе ғылыми жарияланымдардың сапасының төмендеуіне және жарияланған жұмыстарға деген сенімнің әлсіреуіне алып келеді.

7) **Scopus (Скопус)** - деректерді бақылау, талдау және визуализациялаудың кіріктірілген құралдары бар рецензияланатын ғылыми әдебиеттердің аннотациялары мен дәйексөзділігі туралы ақпаратты қамтитын ең ірі дерекқор;

8) **SCImago Journal rank (SJR)** – ғылыми журналдардың әсер ету индикаторы, ол осы журнал мақалаларының дәйексөздерінің саны, сондай-ақ дәйексөз келтіретін ғылыми жарияланымдар журналдарының маңыздылығы негізінде есептеледі.

4. Жарияланым белсенділігін ынталандыру тәртібі мен шарттары

9. ПОҚ мен университет қызметкерлерінің жарияланымдық белсенділігін ынталандыру бюджеттен тыс қаражат есебінен жүзеге асырылады.

10. Ынталандыру төлемдері штаттық қызметкерлер болып табылатын және Жұмыспен қамту шарттарында университеттің негізгі жұмыс орны бойынша еңбек қызметін жүзеге асыратын ПОҚ және университет қызметкерлері үшін кемінде 0,5 ставка көзделеді.

11. Ғылыми жарияланым авторы ынталандыру төлемін беру туралы бұйрық шығарылған күні жүктілікке және босануға байланысты демалыста, бала күтіміне байланысты демалыста немесе оқу демалысында болған жағдайда, ынталандыру төлемін алу құқығы сақталмайды.

12. Ғылыми жарияланымдарды іріктеу әрбір күнтізбелік жартыжылдық шегінде тұрақты негізде жүргізіледі.

13. Әр күнтізбелік жартыжылдықтың басында университеттің ресми сайтында (<https://kaznmu.edu.kz>) ғылыми жарияланымдар туралы есептерді қабылдау жарияланады және оларды ұсыну тәртібі, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес іріктеу рәсімін өткізу мерзімдері туралы ақпарат орналастырылады.

14. Ғылыми жарияланымдар туралы есептерді уақтылы дайындауды және ұсынуды белгіленген тәртіппен ғылым департаментімен өзара іс-қимыл жасайтын мектептер, факультеттер, университеттің құрылымдық бөлімшелері жүзеге асырады.

15. Ғылым департаменті мектептердің, факультеттердің, құрылымдық бөлімшелердің есептерін жинауды қамтамасыз етеді және оларды өңдеу нәтижелері бойынша ынталандыру төлемдерінің болжамды санын көрсете отырып, экономика және жоспарлау департаментіне университеттің қаржы жоспарында резервті қалыптастыруға өтінім жібереді.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы ереже	Редакция: 2 Страница 7 из 12

5. Жалпы талаптар

16. ПОҚ және университет қызметкерлері ғылым департаментіне осы Ереженің 1-қосымшасында белгіленген нысанға сәйкес мектеп/факультет деканының немесе құрылымдық бөлімше басшысының қолы қойылған ғылыми жарияланымдардың тізімін электрондық және сканерленген форматта ұсынады.

17. Ғылым департаменті ғылыми жарияланымдардың осы Ережеде белгіленген шарттар мен талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізеді.

18. Ынталандырушы төлемді ұсынуға іріктеуден өту үшін ғылыми жарияланымға қойылатын талаптардың тізбесі:

- 1) ынталандыру төлемін ұсынуға іріктеу рәсімінен бірінші рет өтеді;
- 2) ғылыми зерттеулердің кез келген саласына және тақырыптық бағытқа, оның ішінде пәнаралық бағытқа жатады;
- 3) Scopus дерекқорында индекстелетін, жарияланған күні немесе іріктеу жүргізілген сәтте Q1 немесе Q2 квантильдеріне жататын халықаралық рейтингтік басылымда жарияланған және іріктеу жүргізілген күні жарияланған мерзімі алдыңғы күнтізбелік жылдан ерте емес болуы тиіс;
- 4) журналдың тұрақты нөмірінде/басылымында және/немесе арнайы шығарылымында (Special Issue) жарияланған;
- 5) толық зерттеу мақаласы (research articles) және ашық немесе жабық қол жетімділікке шолу (review) болып табылады;
- 6) Аффiliationда университеттің әмбебап атауларының бірі көрсетілген: "С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті", "Asfendiyarov Kazakh National Medical University", "S. D. Asfendiyarov Kazakh National Medical University", "Kazakh National Medical University";
- 7) Ғылыми жарияланымда көрсетілген аффилирленген ұйымдардың саны 20-дан аспауға тиіс.

19. Іріктеу рәсіміне келесі ғылыми жарияланымдар жіберілмейді:

- 1) ҚР Білім министрлігінің, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің немесе өзге де мемлекеттік ұйымдардың бюджеттері есебінен гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде қаржыландырылатын;
- 2) конференциялардың материалдары мен тезистері, жарияланған монографиялар мен кітаптарға мақала-аннотациялар, редакторға хаттар және мақалалардың қысқа абстрактілері.
- 3) Q3 және Q4 квантильдеріне жататын журналдарда жарияланған ғылыми жарияланымдар, сондай-ақ аффилирленген ұйымдардың саны 20-дан асатын жарияланымдар іріктеу рәсіміне жіберілмейді.

20. Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша ғылым департаменті осы Ереженің шарттары мен талаптарына сәйкес келетін ғылыми жарияланымдар авторларының/авторлық ұжымдарының тізімін қалыптастырады және олардың құжаттарын университеттің Ғылыми кеңесінің қарауына және бекітуіне енгізеді.

21. Растайтын құжаттарды қарау нәтижелері бойынша қабылданған университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ғылым департаменті Экономика және жоспарлау департаментімен және адам ресурстарын дамыту департаментімен

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы ереже	Редакция: 2 Страница 8 из 12

бірлесіп ынталандырушы төлемдер берілетін ғылыми жарияланымдар авторларының (авторлық ұжымдарының) түпкілікті тізімін қалыптастырады және университет Басқарма Төрағасы – ректорының не оның міндетін атқарушы тұлғаның тиісті бұйрығының жобасын дайындауды қамтамасыз етеді.

22. Ғылыми жарияланымдар авторларының / авторлық ұжымдарының тізімдері және оларды растайтын құжаттар университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мерзім ішінде ғылым департаментінде сақталады.

6. Ынталандыру төлемдерін есептеу және беру тәртібі

23. Ынталандыру төлемдерінің мөлшері және оларды есептеу тәртібі іріктеу рәсімі өткізілетін күні айқындалатын Scopus (Скопус) дерекқорындағы ғылыми басылымның процентиіне байланысты № 2 кестеге сәйкес айқындалады.

24. Ынталандыру төлемі бір ғылыми жарияланым үшін белгіленеді. Авторлық ұжым ғылыми жарияланымды дайындаған кезде көрсетілген төлем осы Ережеде белгіленген шарттар мен талаптарға сәйкес келетін ПОҚ және университет қызметкерлері қатарындағы авторлар арасында тең үлестермен бөлінеді. Төлем мөлшерін есептеу №2 кестеге сәйкес тек Q1 және Q2 журналдары үшін жүзеге асырылады: 75–99 процентиі – Q1, 50–74 процентиі – Q2.

25. Бір авторға берілетін ынталандыру төлемінің максималды сомасы:

1) бір күнтізбелік жартыжылдық шегінде 2 500 000 (екі миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес;

2) бір күнтізбелік жыл шегінде 5 000 000 (бес миллион) теңгеден аспайды.

26. Бухгалтерлік есеп және есептілік департаменті университеттің Басқарма Төрағасының – Ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығы негізінде ғылыми жарияланымдар авторларының есеп шотына ынталандыру төлемдерін есептейді.

27. Университеттің профессор-оқытушылар құрамы және/немесе қызметкерлері қатарынан бірінші автор немесе хат-хабар алмасуға жауапты автор болған жағдайда, ынталандыру төлемі №2 кестеге сәйкес 1,0 коэффициенті қолданылып есептеледі. Егер бірінші автор да, хат-хабар алмасуға жауапты автор да Университеттің өкілі болып табылмаса, ынталандыру төлемі №2 кестеге сәйкес 0,5 коэффициенті қолданылып есептеледі.

№2 кесте

Scopus (Скопус) базасындағы журналдың процентиі	Квартиль	Ынталандыру төлемінің мөлшері	Коэффициент
90–99	Q1	1 000 000 теңге	1,0 немесе 0,5
80–89	Q1	900 000 теңге	1,0 немесе 0,5

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы ереже	Редакция: 2
			Страница 9 из 12

75–79	Q1	800 000 теңге	1,0 немесе 0,5
70–74	Q2		
60–69	Q2	700 000 теңге	1,0 немесе 0,5
50–59	Q2	600 000 теңге	1,0 немесе 0,5

7. Қорытынды ережелер

28. Осы Ереженің орындалуын бақылау Университеттің ғылыми қызметін қадағалайтын проректорға жүктеледі;

29. Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және жаңа редакциядағы Ережені қабылдағанға дейін қолданылады;

30. Ғылым департаментінің басшысы университеттің ПОҚ және қызметкерлерінің назарына осы ереженің мазмұнын жеткізеді, сондай-ақ белгіленген тәртіппен ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар дайындауды қамтамасыз етеді.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Ғылым департаменті	Ғылыми басылымдардағы жарияланым белсенділігін ынталандыру туралы ереже
	Редакция: 2 Страница 10 из 12	

Қосымша 1

Scopus деректер базасында индекстелген халықаралық рейтингілік басылымдарда жарияланған ғылыми жарияланымдардың шығу деректерін толтыруға арналған форма

№	Title / Жарияланым тақырыбы	Authors / Авторлардың Т.А.Ә.	Year of publication on Scopus / Scopus базасында жарияланған жылы	Affiliation / Аффилиация	Scopus Source title / Scopus базасындағы журнал атауы	Scopus journal percentile / Scopus базасындағы журналдың процентілі	Scopus link / SCOPUS базасындағы жарияланымға сілтеме	Funding / Жарияланымның гранттық қаржыландыруы (грант нөмірі мен қайнар көзін көрсету)	Contacts / Байланыс тәсілі	Аффилирленген ұйымдардың саны	Бірінші автор ҚазҰМУ-дан – иә/жоқ	Корреспонденттік автор ҚазҰМУ-дан – иә/жоқ

Декан /Басшысы

ҚОЛЫ

Т.А.Ә.



Ғылыми басылымдардағы жарияланым
белсенділігін ынталандыру туралы ереже

Страница 12 из 12

[illegible]